

ҒАЛЫМДАРДЫҢ ДАЯРЛАУ ОРТАЛЫҒЫ

«Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» — дейді халқымыз, ал халық айтса, қалт айтпайды. Мемлекеттің оңды даму үрдісінде білікті мамандарды даярлау — заман талабы, өйткені жарқын болашақ үшін еңбек етуде жоғары сапалы білім негізгі қозғаушы күш болып табылады. Өркениетті елдің тірегі - бәсекеге қабілетті мамандар екенін дәуір заңдылықтары айқындап берді.

Бүгінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіндегі жоғары оқу орнынан кейінгі даярлау орталығы (ЖООҚДО) білікті жас ғалымдарды тәрбиелеп, дүниежүзілік стандартқа сай мамандар дайындау мақсатында белсенді жұмыс атқарып келеді. Орталықтағы магистранттарды даярлау ісі 43 мамандық бойынша екі бағытта жүргізілуде: кәсіптік (1-2 жыл) және ғылыми педагогикалық (2 жыл). Әрине, аталған орталық осы бағыттармен ғана шектелмей, алдағы уақытта келесі жоспарларды жүзеге асыруға бел буып отыр, атап айтқанда: бірқатар беделді шетелдік ЖОО-мен бірлесіп отырып, магистрлер мен 12 мамандық бойынша PhD докторларын дайындау бағытына шетелдік ғалымдарды серіктестікке тарту, білікті мамандарды аккредиттік магистрлік бағдарламалармен бағыттау. Қазіргі уақытта ЖООҚДО-ның Франция, Швеция, Бельгия, Германия, Ұлыбритания, АҚШ, Нидерландиядағы 17 ұйым және ЖОО-мен орнатып жатқан байланыстары орталықтың нәтижелі жұмыстарының айқын дәлелі болып табылады. Мұндағы мақсат - білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға сай ету.

Қалың оқырманның назарына ерекше ұсынатын тағы бір жәйт, М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылым тарихы мен философиясы, қазақ және шет тілдері бойынша кандидаттық емтихандарды өткізу жөніндегі аймақтық орталық болып табылады. Бүгінде республиканың барлық облыстарынан дерлік біліктілігін жетілдіруге ниеттенген аспиранттар, ізденушілер кандидаттық емтихандарын осы аймақтық орталықта тапсыруда. Кандидаттық емтихандар Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен бағдарламаға сәйкес қабылданады. Мәселен, ғылым тарихы мен философиясы (салалар бойынша), қазақ және шет тілдері бойынша кандидаттық емтихандар құрама әдіспен өткізіледі, яғни, пәнінің негізгі және құраушы бөлігі жабық түрдегі тесттерді қолдану арқылы тексеріледі. Ал, кең көлемдегі жауапты талап ететін арнаулы бөлігі жазбаша емтихан түрінде сондай-ақ, қазақ және шет тілдері бойынша емтихан құрама кесте бойынша өткізіледі. Емтиханның екінші бөлігі зерттеу саласы бойынша тілді білу деңгейін бағалау мақсатында ашық тестілеу (билет) түрінде сарапқа салынады. Магистратура мамандықтары мемлекеттік білім стандартымен толық қамтамасыз етілген.

Үстіміздегі оқу жылына сәулет, химия, машина жасау, құқықтану, ветеринарлық медицина мамандықтары бойынша магистратураны ашу ісі жоспарланып, кафедралармен ауқымды жұмыс жасалынуда.

Университеттегі ғылыми-педагогикалық кадрлар үш деңгей бойынша дайындалады. Инженерлік мамандықтарда оқитын магистранттар, аспиранттар және докторанттар университетімізде жаңадан ашылған заман талабына сай жабдықталған «Конструкциялық және биохимиялық материалдар» зертханасында ғылыми жұмыстарын жасауда.

Ғылым мен өндіріс арасындағы серіктестік қарым-қатынастарын нығайта түсетін факторлардың бірі - шет тілін білу. Қазіргі таңда университеттің лингвистикалық орталығында магистранттар шет тілінен білім алуда.

Магистранттардың ғылыми жарнамаларының Республикалық журналдарда, халықаралық конференцияларда және алыс, жақын шет елдерде жарыққа шығуы баршамыз үшін мақтан тұтарлық жәйт.

Жоғары оқу орнынан кейінгі даярлау орталығында ғылыми-ізденіс аясындағы атқарылып жатқан жұмыстар қарқынды түрде нәтижелі сипат алып, белсенділікпен жалғасып келеді. Білімді жетілдіру — әлемдік кеңістікке енудегі аса маңызды қадамдардың бірі екенін ескерсек, білімді болуға асық болайық, ағайын!

Қ.БАЙБОЛОВ,

жоғары оқу орнынан кейінгі даярлау орталығының бастығы, тарих ғылымдарының кандидаты, доценті.